

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ
«ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ» КАФЕДРАСЫ

БАОӨЖ

СТУДЕНТ: ЕСЕНГЕЛДІ А.С.
ОҚЫТУШЫ: ЕМЕНОВА Г.Б.

ТАРАЗ 2021

Қазақстандағы мемлекеттік билік тармақтары мен басқарушы элитаға талдау жасай отырып, бір саяси көшбасшының типін айқындау, өз таңдауын дәлелдеу

**БАҚЫТЖАН ӘБДІРҰЛЫ
САҒЫНТАЕВ**



Бақытжан Сағынтаев 1963 жылы 13 қазанда Жамбыл облысы Талас ауданы Үшарал ауылында дүниеге келді. Ұлы жүздің Ошақты руынан болады.

Білімі

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетін бітірген, экономист, саяси экономика пәнінің оқытушысы.

Отбасылық жағдайы

Әкесі Әбдір Сағынтаев - Социалистік Еңбек Ері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ұлы Отан соғысының ардагері. Анасы Бештаева Құндызай үй шаруасымен айналысқан. Өзі үйленген, Меруерт және Надира есімді 2 қызы бар.



Еңбек жолы

1985 жылдан Алматы халық шаруашылығы институтында саяси экономика кафедрасының оқытушысы;
1988 жылдан С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әлеуметтану кафедрасында ассистент, аға оқытушы, доцент;
1992 жылдан коммерциялық құрылымдарда басшылық қызметтер атқарған;
1998 жылдан Жамбыл облысы әкімінің орынбасары;
1999 жылдан ҚР Шағын бизнеске қолдау көрсету жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары;
2000 жылдан "Шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсету қоры" ЖАҚ басқармасының төрағасы;



Нұрсұлтан Назарбаев пен Бақытжан Сағынтаев

2014 жылдың 7 сәуірінен Қазақстан премьер-министрінің бірінші орынбасары;

2016 жылдың 10 қыркүйегінен Қазақстан премьер-министрі;

2019 жылдың 25 ақпанында Қазақстан президенті Сағынтаевтың үкіметін отставкаға жіберді.

2019 жылдың 1 наурызында Қазақстанның мемлекеттік хатшысы болып тағайындалды;

2019 жылдың 24 наурызынан 28 маусымына дейін Қазақстан президенті әкімшілігін басқарды;

2019 жылдың 28 маусымынан – Алматы қаласының әкімі



Марапаттары

"Құрмет" ордені және мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Әскери шені

Бақытжан Сағынтаев - запастағы капитан.



Ғылыми еңбектері

Экономика ғылымдарының кандидаты.
Диссертациясының тақырыбы - қала және ауыл халқының өмір сүру деңгейін жақындастыру.

Табиғи монополиялардың әрекет ету аумағын мемлекеттік реттеу, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі бірқатар ғылыми жұмыс пен жарияланымның авторы.

